

**«Астана Медицина Университеті» АҚ**  
**№1 Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы**

**Әскери қызметкерлер арасындағы суицидке  
бейімділік деңгейін анықтау және оның  
алдын-алу шаралары**

**Ғылыми жетекшісі: Байгенжеева Р.К.,**

**Астана , 2017 ж**

## Зерттеудің өзектілігі.

Қазіргі уақытта өз-өзіне қол жұмсаған феноменді барлық аспектілері бойынша зерттеу өте өзекті болып келе жатыр. Себебі суицид әрекетінің қарқындылығының және суицид көрсеткішін жоғарылатуға алып келетін психикалық түрде зақымдайтын факторлардың көбеюі экономикалық, әлеуметтік, психологиялық жағдайларға кері әсерін тигізіп жатыр. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша (ДДҰ), қазіргі заманда Қазақстан суицид саны бойынша әлемде үшінші орынды алады. Қазақстанда суицид саны бойынша ресми статистика халыққа айтылмайды. Бірақ тәуелсіз мамандармен жүргізілген статистика көрсеткіші бойынша суицид мәселесі қауіпті масштабты қамтиды. Аса маңызды көңіл аударатын, осындай негативті әлеуметтік жағдайлардың ҚР Қарулы күштерінің әскери бөлімшелерінде де кездесетіні. 2014 жылдың қорытындысы бойынша, елімізде әскери қызметкерлер арасында суицидтің 27 жағдайы тіркелген. 2015 жылы офицерлер арасында бес суицидтік жағдай болса, әскери келісім-шарт қызметінің әскери қызметкерлері арасында 13 суицидтік жағдай болды. Қолымыздағы мәліметтер бойынша бұл мәселе әлі күнге дейін өзекті мәселе болып отыр.

## **Зерттеудің мақсаты:**

- Әскери қызметкерлер мен борышын өтеушілер арасындағы суицидкке бейімділік деңгейін және суицидке алып келетін факторларды анықтап, алдын алу шараларын ұйымдастыру.

## **Міндеті:**

- 1. Суицидтік әрекеттерге әсер ететін факторларды анықтау.
- 2. Әскери қызметкерлер арасындағы суицидке бейімділік деңгейін анықтау.
- 3. Суицидке қарсы жүргізілетін профилактикалық шаралар.

# Зерттеудің материалдары мен әдістері:

## Зерттеудің объектісі:


Павлодар облысы Ертіс ауданының №2033 «Амангельды» әскери бөлімінің әскери қызметкерлері мен борыщын өтеушілері алынды. (N= 70).

## Зерттеудің әдістері:


Дипломдық жұмыста келесідей ғылыми зерттеу әдістері қолданылды:

- тарихи;
- ақпараттық - аналитикалық;
- статистикалық;
- әлеуметтік.


## Респонденттердің жастық және жыныстық көрсеткіштері




# Суицид себебі бойынша пайыздық көрсеткіші



# Суицид себебі бойынша пайыздық көрсеткіші




Әскери қызметтің қиындығын бағалау деңгейі



Респонденттердің әскери борышын өтеуге келуі бойынша


# Жетекшілер тарапынан суицидке алып келетін





# Әскери қызметкерлердің психолог көмегіне

жүгіну деңгейі



- Психолог көмегіне жүгінемін
- Психолог көмегіне жүгінбеймін

# Респонденттердің сенім телефонымен танысу деңгейінің проценттік көрсеткіші



# Респонденттердің арасында суицидке бейімділік деңгейін анықтауға жүргізілген сауалнама нәтежесі.



# Қорытынды


- Зерттеу нәтежиесі бойынша әскери қызметкерлер арасындағы суицидке алып келетін факторлардың 36% - психикалық дезадаптация. Психикалық дезадаптация - әскери борышын өтеушілердің ортаға бейімделе алмауы.
- Екінші суицидке алып келетін фактор - уставқа сәйкес емес қарым- қатынас. Бұл фактор жалпы көрсеткіштің 22%- ын қамтып отыр. Жетекшілері әскери бөлімде тәртіптің қатаңдығын сақтау және өз әдістемесінің тиімділігін арттыру мақсатында жеке тұлғаға күшті травматикалық әсер ететін, қате шараларды қолданады.
- Суицидтік жағдайлардың алдын - алуда психолог маманның орыны ерекше. Бірақ қазіргі таңда әскери қызметкерлер арасында психолог маманның көмегіне жүгінушілер өте аз. Себебі қызметкерлердің дұрыс ақпараттанбауында.

## **Біздің тарапымыздан ұсынылатын шаралар:**

- Психикалық дезадаптация жағдайының асқынуына жол бермеу үшін борышын өтеушілердің жетекшілері мен әскери бөлім психологы тарапынан әскери қызметкерлерімен жеке қызмет атқарылуы керек.

- Пайыздық көрсеткіші жоғары келесі фактор уставты емес қарым- қатынас. Бұл әрекеттердің алдын -алу және жою үшін тек борышын өтеушілер ғана емес, олардың жетекшілерінің жұмысын қадағалау. Мұндай әрекеттерді қолданған командирді заң тұрғысынан жазалануы керек.

- Әскери қызметкерлер мен борышын өтеушілер арасындағы суицидтің алдын алу шараларын жүзеге асыру үшін психолог маманға жүгіну мен сенім телефонын білудің маңыздылығын түсіндіру.



**Назар аударғандарыңызға  
рахмет!**